



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары
М. М. Толықбаевқа
Д. А. Қасқарауовқа
С. М. Пономаревқа

2023 жылғы 31 мамырдағы №ДС-204 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Сигма-Газ» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) қызметіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Серіктестік Алматы облысы Қарасай ауданының аумағында газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газды тасымалдау, сондай-ақ оны өткізу бойынша қызметтер көрсетеді.

ҚР-сы Ұлттық экономика министірлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Алматы облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2021 жылғы 12 қарашадағы №235-НҚ бұйрығымен Серіктестікке жеңілдетілген тәртіппен газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газды тасымалдау қызметтеріне 7 300,94 теңге/1000 м³ (ҚҚС-пен) мөлшерінде тариф бекітілген, оның қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 30 қарашаға дейін.

Сондай-ақ ҚР Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 124-5-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Серіктестік тауарлық газды бөлшек саудада өткізу қызметі бойынша қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі болып табылады.

Департамент ағымдағы жылы аталған Серіктестіктің қызметіне **үш рет тексеру өткізген.**

Жүргізілген бірінші тексерудің қорытындысы бойынша.

Ағымдағы жылы 17 қаңтарда Департамент Алматы облысы Қарасай ауданы тұрғындарының өтініштері және аудан прокуратурасының ұсынымы негізінде Серіктестікке қатысты табиғи монополиялар туралы заңнаманың және Кодекстің сақталуы тұрғысынан жоспардан тыс тексеру жүргізді. Серіктестікке тауарлық газды тасымалдау қызметі бойынша оңайлатылған тәртіппен бекітілген тариф Алматы облысы Қарасай ауданы прокуратурасының ұсынысы түскенге дейін күші жойылғаны анықталып, 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы қаңтарға дейін Серіктестік тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бойынша қызметтерді Департаментпен келісілген бағаны қолданбай ұсынғаны айқындалған.

Тексеру нәтижелері бойынша Департамент 2 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұл салып әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2 хаттама жасады, тауарлық газды тасымалдау қызметі бойынша тарифті қайта қарауға өтінім беруге және тауарлық газды бөлшек саудада өткізу қызметі бойынша бағаны келісу үшін ақпарат беруге нұсқама берді.

2023 жылғы ақпанда Серіктестік Департаментке газ тасымалдау тарифін және тауарлық газдың бөлшек сауда бағасын қайта қарауға өтінімдер ұсынған.

Өтінім бойынша а.ж. 2 наурызда Департамент Шамалған ауылында тұтынушылар мен мүдделі тұлғалардың қатысуымен қоғамдық тыңдау өткізді, оның нәтижесінде Серіктестік шығындарының баптары мұқият талдау жүргізіліп Департаменттің 10 наурыздағы № 78-ОД бұйрығымен газ тарату құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау тарифі 7 300,94 теңгеден **3 136,38 теңгеге/1000м³** (ҚҚС-пен, немесе 57,04% - га, яғни 4 164,56 теңгеге/1000м³-ке) төмендетілді.

Анықтама: Департаменттің а.ж. 10 наурыздағы №19-01-03-03 дәлелді қорытындысымен 2023 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін **28 945,22 теңге/1000м³** (ҚҚС-пен) мәлішерінде, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша негізделген шекті баға бекітілді:

– тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін – **34 755,5 теңге/1000м³-ден** 28 945,22 теңге/1000 м³-ге дейін (төмендеу 16,7% немесе 5 810,28 теңгені құрады);

– басқа заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдар үшін – **34 755,5 теңге/1000м³-ден** 32 106,15 теңге/1000 м³-ге дейін (төмендеу 7,6% немесе 2 649,35 теңгені құрады);

– мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін – **34 755,5 теңге/1000м³-ден** 23 156,18 теңге/1000 м³-ге дейін (төмендеу 33,37% - немесе 11 599,32 теңгені құрады).

Оған қоса, Департамент бекіткен бұйрықпен және дәлелді қорытындымен келіспеуіне байланысты Серіктестік ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) нормаларына сәйкес 2023 жылғы 31 наурызда (№ЖТ-2023-00536786) Комитетке шағыммен жүгінді. Комитет, жүргізілген әкімшілік рәсім нәтижесі бойынша 2023 жылғы 27 сәуірдегі хатымен Департамент қабылдаған шешімдердің заңды әрі негізді екенін анықтаған.

Өз кезегінде ӘРПК нормаларына сәйкес Серіктестік Департаменттің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 78-НҚ бұйрығының және № 19-01-03-03 дәлелді қорытындысының күштерін жою туралы талаппен Алматы облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотқа жүгінген.

Осылайша, қазіргі уақытта судья Р.С. Дүйсенбиев 5 сот отырысын өткізді, атап айтқанда: 2023 жылғы 24 мамырда (онлайн алдынала), 2023 жылғы 31 мамырда (онлайн алдынала), 2023 жылғы 5 маусымда (офлайн), 2023 жылғы 15 маусымда (офлайн), 2023 жылғы 22 маусымда (офлайн), соттың келесі отырысы 2023 жылғы 29 маусымға белгіленді (офлайн).

Жүргізілген екінші тексерудің қорытындысы бойынша

Төлемге берілетін тауарлық газды тасымалдау тарифтерінің және бөлшек саудада өткізу бағасының қалыптасуының негізділігі жөнінде Қарасай ауданы әкімінің орынбасарының өтініші негізінде Департамент 2023 жылғы 15-19 мамыр аралығында Серіктестік тарапынан қызметтерді көрсету барысында табиғи монополиялар туралы заңнаманың және Кодекс талаптарының сақталуына қатысты қайтадан жоспардан тыс тексеру жүргізді.

Жүргізілген тексеру нәтижесінде Департамент субъектін «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында және Кодекстің 124-8-бабы 3) тармақшасында көзделген міндеттерді орындамағанын анықтады.

Көрсетілген нормаларды бұза отырып, Серіктестік газбен жабдықтау қызметіне Департаментпен келісілген 1000 м³ үшін (ҚҚС-пен) 28 945,22 теңге мөлшеріндегі бағаның орнына 33 250 теңге (ҚҚС-пен) мөлшеріндегі бағамен қызмет көрсетіп келген, осының салдарынан **2023 жылдың 1 сәуірінен 1 мамырына дейінгі кезең үшін (ҚҚС-пен) 9 466 439,27 теңге сомасына негізсіз табыс алынған.**

Осылайша, Серіктестікке қатысты «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 164 және 166-баптарының 5-бөліктеріне сәйкес 946 646 теңге (ҚҚС-пен) сомасына әкімшілік айыппұл салу арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2 хаттама толтырылды, ҚР заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілген.

Алайда жүргізілген тексеру нәтижелерімен Серіктестік тағы да келіспеді.

2023 жылғы 31 мамырда Департамент тексеру нәтижелері бойынша әкімшілік істі қарау жүргізілді. Осының негізінде, Департамент бірінші жүргізілген тексеру бойынша сот процестері аяқталғанға дейін әкімшілік істің мерзімін ұзарту туралы тиісті ұйғарым енгізді, өйткені екінші тексерудегі есеп-қисаптар мен бұзушылықтар Департаменттің 2023 жылғы 10 наурыздағы №78-НҚ, бекітілген бұйрығы мен №19-01-03-03 дәлелді қорытындысына негізделген болатын. Сондай-ақ Серіктестік екінші тексеру нәтижелеріне шағымдануды жоспарлап отырғанын мәлімдеген.

Жүргізілген үшінші тексерудің қорытындысы бойынша

2022 жыл кезеңіне төлемге берілетін тауарлық газды тасымалдау тарифтерінің және бөлшек саудада өткізу бағасының қалыптасуының негізділігі және негізсіз алынған кірісті қайтару жөніндегі Қарасай ауданы тұрғындарының өтініші негізінде, Департамент а.ж. 25-31 мамыр аралығында Серіктестік тарапынан қызметтерді көрсету барысында табиғи монополиялар туралы заңнаманы және ҚР Кәсіпкерлік кодексінің талаптарын сақталуы тұрғысынан үшінші рет жоспардан тыс (2022 жылғы 1 шілде мен 2023 жылғы 1 сәуір аралығындағы соманы қайтарған не қайтармағаны жөнінде) тексеру жүргізген.

Жүргізілген тексеру нәтижесінде, Департамент субъектін Заңның 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында және Кодекстің 124-8-бабы 3) тармақшасында көзделген міндеттерді орындамау деректерін анықтады.

Көрсетілген нормаларды бұза отырып, Серіктестік 2022 жылғы 1 шілдеден 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі аралықта газды 1000 м³ үшін (ҚҚС-пен) 34 755 теңге, 2023 жылғы 1 қаңтар мен 1 сәуір аралығында 1000м³-ін (ҚҚС-пен) 33 250 теңгеге сатқан.

Анықтама: өз кезегінде Серіктестік 2022 жылғы 1 желтоқсаннан 2023 жылғы 1 сәуір аралығында тауарлық газды тасымалдау қызметін Департамент бекітпеген тарифпен көрсетіп келген.

Сонымен қатар 2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін Серіктестік тауарлық газды бөлшек саудада өткізу (үстемеақы) қызметін Департамент келісілмеген бағамен көрсетіп отырған.

Осылайша, Департамент Кодекстің 124-8-бабының б) тармақшасына сәйкес Серіктестік шекті (ҚҚС-пен) 182 103 012,71 теңге мөлшерінде (2022 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін) бағаны негізсіз асыру нәтижесінде алынған кіріс факті анықталған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тікелей тұтынушыларға не шекті баға деңгейін төмендету арқылы қайтарылуға тиіс негізсіз табыс тапқанын анықтады.

Нәтижесінде, Серіктестікке қатысты «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 164 және 166-баптарының 5-бөліктеріне сәйкес Департамент (ҚҚС-пен) 18 210 301,27 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2 хаттама толтырды, сондай-ақ ҚР заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізілді.

Серіктестік үшінші тексеруімен де келіспегендіктен, 2023 жылғы 12 маусымда Департамент ӘРПК шеңберінде тексеру нәтижесі бойынша әкімшілік іс қаралды.

Әкімшілік істі қарау нәтижесінде Департамент Серіктестікті әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде 2023 жылғы 12 маусымдағы № 2 және № 3 қаулыларды (қаулылар директор В.Г. Прокофьевке табысталды) толтырды.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, Ұлттық экономика министрлігі сот шешімінің қорытындылары туралы қосымша хабарлайтын болады.

Р. Скляр